

«Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрде «Нұр» балабақшасы»

«Төрт түлік жануарлар»

(Кіріктірілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметі)

Тәрбиеші: Ербалюкова Махаббат Амандаулетовна

2022-2023 оқу жылы

Мақсаты: Балаларды төрт түлік жануарлар туралы тақпақпен таныстыру; қазақтың төрт түлік малы туралы ұғымдарды қалыптастыру; малды күту, малдың құты, қасиеті туралы баяндау; Балалардың қазақ халқында қалыптасқан төрт түлік малдың атауын есте сақтап, олар туралы тақпақ жолдарын айту қабілеттерін арттыру, тақырып бойынша диалогтарға белсенді, толық жауаптар арқылы, қатыса білу дағдыларын қалыптастыру; құлақпен есту зейінін, есте сақтау, ойлау, қабілеттерін дамыту.

Балаларды қазақтың төрт түлік малы құндылығын қадірлеу деген қасиетке тәрбиелеу, сөйлеу мәдениетінің негіздерін салу.

Сөздік жұмыс

Балалардың сөздік қорына "төрт түлік мал", "ойсыл қара", "қамбар ата", "шопан ата", "зеңгі баба" сөздерін ендіру,

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, сәлемдесу шеңбері, сурет бойынша кіріспе әңгімелесу, тақпақтың мазмұнын пысықтау диалогтік жаттығу, зейінге жаттығу, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.

Құрал-жабдықтар

Жалдыбайдың "Қара жорға" атты күйінің жазбасы.

Көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш.

Төрт түлік малдың, жайлауда жайылып жүргені туралы мазмұнды суреті.

Төрт түлік малдың жеке көрнекілік суреттері: түйе, жылқы, қой, сиыр.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Оқу қызметінің барысы

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Педагог балаларға Жалдыбайдың "Қара жорға" атты күйінен үзінді тыңдатады.

Ерболат Мұстафаев. Жалдыбайдың күйі "Қара жорға."

Сәлемдесу шеңбері.

– Сәлем саған, туған жер!

Таудай маған қуат бер.

Көкте алтын күн болсын,

Жайлау толы мал болсын!

балалар бұрындары аталарымыз жайлауға атпен барған, біз де бүгін атпен шауып жайлауға барамыз, қане барлығымыз атқа мінеміз.



– Балалар, қарандаршы біз қайда келдік, табиғаты қандай? Кең жерді біз не деп айтамыз? (Бұл жайлау)
 – Жайлау екенін қалай біліп отырсыңдар? (Дала жасыл шөп. Жайлауда мал жайылып жатыр)
 Жарайсыңдар.

Ендеше бенероликке назар аударайық.



Төрт түлік жануарлар туралы бейнеролик.

– Ежелгі заманнан қазақ төрт түлік малын қастерлеген, олар: жылқы, сиыр, түйе, қой.
Қайталаңдар. Төрт түлік мал: жылқы, сиыр, түйе, қой.
– Осы төрт түлік жануар адамға еті, сүті, жүні, терісі арқылы толық тіршілік жасауға мүмкіндік береді.
– Балалар, бүгін біз осы төрт түлік жануарлар туралы өтеміз.
- Балалар бұрында аталарымыз жайлауға атпен барған, ал сендер атпен шауып жайлауға барғыларың келе ме? (иа, аине)
Ендеше мына жылқыларға мініп жайлауға барайық (жылқының шапқан дыбысы арқылы жайлауға барады.

Әдемі сыңғырлаған судың дауысымен таңырқай қарап, қандай тамаша, қандай керемет балалар қараңдаршы балалар біз қайда келдік? (Жайлауға)

Ал сендер мына жануарларды танып тұрсыңдар ма?

Жайлауда нелер бар екен?

Балалар: Жылқы, сиыр, түйе, қой, ешкі

Педагог: Бекзат сен қайсы жануар туралы көбірек мағлұмат білесің, ал айта қойшы?

Бекзат: Жылқы туралы білемін. Жылқының 4аяғы бар, 2көзі ба, 2құлағы бар. Жылқының төлі құлын, ал пайдасы мінсең көлік, жесең ет.

Педагог: Динара сен айтшы қайсы жануар туралы көбірек білесің?

Динара: Мен сиыр туралы айтамын. Сиырдың 4 аяғы, 2көзі , 1құйрығы бар. Сиырдан сүт, ет аламыз. Сиырдың төлі-бұзау.

Педагог: ал, келесі жануарды кім біледі? Ерсұлтан сен айта қойшы түйе туралы сен не біледі екенсің?

Ерсұлтан: Түйенің 4 аяғы, 2 өркеші ,2 көзі және 2құлағы болады. Түйенің төлі- бота.

Педагог: Әмірхан сен қой туралы білесің бе?

Әмірхан: Қойдың 2құлағы бар, 4аяғы бар және 2көзі бар. Қойдың төлі қошақан.

Педагог: Женя сен ешкі туралы білесің бе?

Женя: ешкінің 4аяғы, 2көзі бар, ешкінің төлі- лақ.

Педагог: Такпақты мәнерлеп оқып беру.

Көк жайлауға шығайық,
Төрт түлік малға қарайық,
Төрт түлік малға қарайық,
Иелерін табайық.

Ерсұлтан: Түйе – шөлдің кемесі,
Ойсыл қара иесі,

Бекзат: Жылқы ерге нағыз дос,
Қамбар ата иесі.

Әмірхан: Қойдың жолы береке,
Шопан ата иесі.

Динара: Сиыр - дала дарасы,
Зеңгі баба иесі.

Педагог: балалар бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті: «Жануарлардың төлін тап»

Шарты: Көңілді әуен арқылы отырғыштағы төрт түліктің төлдерін тауып қасына апару.



Педагог: жарайсындар балалар, «Көп-аз» ұғымын қалыптастырайық.

Шарты: Суреттердегі жануарларды санап , қай жануар көп қайсысы аз екенін анықтап айту.



Ғажайып сәт:

Балалар қараңдаршы біздің алдымызда не тұр?

-Паравоз бөлшектері

Бұл жай паравозға ұқсамайды «Сиқырлы паравоз» секілді

Қане барлығымыз жақындап мына сиқырлы паравозды құрастырайық «балалар паравозды бір-бірден жалғап құрастырады.

Паравоздың вагондары неден құрастырылған? (ішіндерден)

Қандай пішіндерден құрастырылған?

(Төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек,)

Ендеше вагондарды ашып көрейік



(балалар әр вагоннан шыққан төрт түлік жануарларды көріп, мәз болып атап өтеді)

Педагог: Иә балалар бұлардың барлығы сендер манадан айтып келе жатқан төрт түлік жануарлар.

Педагог: ендеше «Жануарлардың азығын тап» ойынын ойнайық.

Жылқы – шөп жейді деп аузына шөп салады

Қоян – сәбіз жейді деп аузына сәбіз салады

Тауық – тары жейді деп тары салады

Қой - шөп жейді

Мысық – сүт ішеді деп сүт апарып алдына қояды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.

- Балалар, бүгін сендерге не ұнады? (Тақпақты жаттау ұнады).
- Тақпақ не туралы? (Тақпақ төрт түлік жануарлар туралы) Жарайсыңдар.
- Төрт түлік деген не? (Бұл сиыр, жылқы, түйе, қой) Дұрыс айтасыңдар.
- Халқымызда осы жануарлардың иелері бар деп айтады екен ... Естеріңде бар ма? Олар қалай аталады? (Ойсыл қара, Қамбар ата, Шопан ата, Зеңгі баба)
- Бұндай атты не үшін қояды екен? Біздің ата-бабаларымыз осы төрт түлік малын өте қастерлеген, себебі олар адамға өте көп пайда әкеледі. Ұмытпаңдар.
- Балалар, сендердің бүгін ұйымшыл, зерек, ұғымтал болғандарыңның арқасында, төрт түлік жануар көп нәрсе білдіңдер.

Ендеше ашық оқу қызметімізді «Қошақан» әнімен аяқтайық.

Балаларды мадақтау:

Педагог: бүгінгі ашық оқу қызметіміз сіздерге ұнады ма, ендеше мына смайликтің қайсымен бағалайсыңдар қане таңдап алыңдар? (таңдаған смайликтермен қоса балалар сыйлықтарды да алады.



Педагог: балалар сыйлықтарымызды алып жылқыларымызға мініп балабақшамызға қайтайық.



Осымен біздің ашық ұйымдастырылған оқу қызметіміз аяқталды. Сау болыңдар апайлар! (деп балалар балабақшаға қайтады.